

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Барбара Джонсон «Жазу»





Сіздердің назарларыңызға американдық әдебиеттанушы және аудармашы Барбара Джонсонның (1947–2009 жж.) жұмысына негізделген дәрісті ұсынамыз. Ең алдымен, автор туралы бірер сөз айта кетейік. Барбара Джонсон Бостонда дүниеге келді. Ол 1969 жылы Оберлин колледжін бітіріп, 1977 жылы Йель университетінде француз тілінде докторлық диссертация қорғады. Барбара ағылшын және салыстырмалы әдебиет саласының профессоры және Гарвард университетінің заң және психиатрия профессоры. Өзінің ғылыми жұмыстарында Лаканның психоанализі мен феминистика теориясы және әдебиеттерді пәнаралық зерттеудегі құрылымдық және постструктурализм, оның ішінде деконструкцияның келешегі туралы сұрақтарды көтерді.

Ғалым, мұғалім және аудармашы ретінде Барбара Джонсон, француз философы Жак Дерриданың теориясын АҚШ-тың ағылшын тіліндегі оқырмандарына, ол еңбектің Францияда танымалдылыққа ие болған уақытында қолжетімді етті. Ол осы аритмиялық, мұқият шоғырландырылған мәтіндерді американдық студенттердің сана-сезіміне дарыта білді және ол сәттілікке қол жеткізді.

Ол «Йель мектебінің» академиялық әдеби сын туралы бағытымен тығыз байланысты болды. Барбара Джонсонның әдебиеттану саласындағы зерттеулерінің маңызды ерекшелігі – оның Йель университетінің құрылымдық және постструктуралистік теориясымен өзара интеграциясы болып табылады.

Барбара Джонсонның негізгі жұмыстарына шолу жасайық. 1990 жылы жариялаған «Жазу» атты еңбегінде Барбара Джонсон әдебиеттерді талдаудағы постструктурализм теориясының маңыздылығын сипаттайды. Ол «Жазудың» тарихын XX ғасырдағы француз ойының маңызды философиялық, саяси және психоаналитикалық тұжырымдамасы деп санайды. Джонсон өз шығармасында постструктурализмнің жетекші өкілдері Жак Дерриданың, Мишель Фуконың, Ролан Барттың теориялық жұмыстарына шолу жасайды.

Барбара Джонсон: «Жазу» сөзінің сыни терминге айналғаны неліктен болды? «Жазу» ешқандай түсініктемелерді қажет етпейтін әдебиет аспектілерінің бірі емес пе? Бұл жай ғана оқырманның кітап беттерінде сөздермен кездесетін құрал ғана емес пе?

Бұл Жазудан өзге еш жерде айқын емес. Осылайша, Жазу жайлы эссе тұйық цикл болып табылады: бұл оны қалай түсінетіндігін ұғудың бір талпынысы.

Содан кейін Барбара Джонсон мағыналаушы мен мағыналанушы және тілдік «құрылымның» арасындағы байланыс жайлы Ролан Барт теориясындағы философ Деррида мен психоаналитик Жак Лаканның алатын рөлін сипаттайды.

Жак Деррида теориясында Джонсон оқудың міндеті тек мәтіннің шынайы мағынасын түсіну ғана емес, сонымен қатар, жиі тұрақсыз және қарама-қайшы болып келетін көптеген мағыналарын түсіну маңызды екенін атап көрсетеді. Бұл белгісіздік феминистік сыншыларға мәтіндерде автордың тілі арқылы жасалған және өздерінің жеке басын растайтын әртүрлі «басқа» мәлімдемелерді «басымдықпен, өшіруге немесе бұрмалауға» тырысатын жерлерді табуға мүмкіндік берді.

Барбара Джонсон: Жазу (l'écriture) 1960 жылдары Францияда орын алған әдебиет теориясы, психоанализ және философия салаларындағы термин болып қалыптасты. Әсіресе Жак Деррида, Ролан Барт секілді және сол уақыттарда «Tel Quel» журналымен байланысы бар басқа да авторлардың жұмыстары арқылы осындай маңызға ие бола бастады. Филипп Соллерс 1967 жылы жарияланған «Program» топтың ұжымдық еңбегінде былай деп жазады: «Жазу практикасы [әрекеті] жайлы ойдан шығатын толыққанды теория жетілдіруге сұранып тұр». Жазу мифологиялардың бәрінің кілті болуға тиіс еді. Жазуға деген күтпеген қызығушылық әртүрлі бастаулардан тарады, Барбара Джонсон бұл еңбегінде олардың кейбіреулерін мұнда қысқаша ғана атап өтеді.

Барбара Джонсонның қарастыратын алғашқы жұмысы – Р. Барттың «Жазудың нәлдік дәрежесі» шығармасы туралы болды. Джонсон Ролан Барттың әдебиеттік постструктурализмін қарастырады, ондағы мәтіндік анализ түсінігі және Мәтін мен шығарма арасындағы айырмашылықтарды талдайды. Оның айтуынша, өз шығармашылығымен классикалық әдебиетті өлім жазасына кескен модернистер: Флобер мен Малларме жұмыстары Р. Бартты «Шығарма» және «мәтін» түсініктері арасындағы айырмашылықты анықтайтын теориясына алып келді. Барттың айтуынша, бұл жазушылар объективті әдебиетті оның өлімін жариялау әрекетімен қатар құрастырды. Кейінгі эсселерінде Барт шығарма жайлы тұйықталған, дайын,



сенімді репрезентациялық объект ретінде қарастырылған классикалық түсінік пен мәтінді мағына түзуші, әрі мағына бұзушы ашық, шексіз процесс деп ұғынатын заманауи түсінік арасындағы сызатқа негізделген әдебиет теориясын ұсынады.

Джонсон былай деп жазады: «Бартқа сәйкес, «Шығарма» және «Мәтін» екі түрлі нысан емес, бірақ Жазбаша сөзді ұсынудың екі түрлі жолы. Бартты қызықтыратыны: әдебиет концептісі мен мәтінділік концептісі арасындағы шиеленіс. Әдебиет деген үнсіз және терең мағыналы Ұлы Шығармалардың жинағы ретінде қабылданса, Мәтін дегеніміз – ең танымал шығармалардың ішінде де болатын ештеңемен шектелмеген, әрқилы, қиратушы күштің манифестациясы. Бұл күш барлық шектеулердің алдын алады.

«Жазудың нөлдік дәрежесі» деген еңбегінде Барт тек оқырманнан емес, сонымен қатар, автордың өзі байқамайтын жасырын және көрінбейтін мағыналарды, мәтіннің ішкі қайшылықтарын анықтайтын деконструкция, яғни ыдырату әдісіне келді. Ол Барттық теория негізінің әдістемелік базасы жайлы былайша ой толғайды: «Барт Жазу теориясы марксизмге де, психоанализге де қарыздар. Алайда Тел Quel авторлары Соссюр лингвистикасының арқасында марксизм мен психоанализге қатысты болады», – дейді.

Өзінің 1916 жылы бірінші рет басылған, ал 1948 және 1966 жылдары редакцияланып қайта басылып шыққан «Course in General Linguistics/Жалпы лингвистика курсы» деген кітабында, Фердинанд де Соссюр тілдердің отбасыларының тарихи «диахроникалық» дамуына емес, тілдің структуралық «синхроникалық» сипаттарына негізделген уақытта жүйе ретінде қатып қалған тіл ғылымын белгілеп кетті.

Содан кейін Джонсон ең маңызды француз философы, Жазудың теоретигі Жак Дерриданың «Жазу және айырмашылық», «Грамматология туралы», «Тіл және құбылыстар» атты еңбектеріне тоқталады. Ол шығармаларды қысқа тезистер ретінде дайындайды: «Бұл жұмыстардағы Дерриданың үлесі батыс метафизикасының құрылымдау принциптерін қайта бағалау болып табылады. Дерриданың жазуы бойынша, Батыс философиясы әлемді бинарлық оппозиция терминдерімен талдады: рух/жан мен дене, жақсылық пен жамандық, әйел мен еркек, бар мен жоқ. Әрбір жұп иерархиялық тұрғыда ұйымдастырылған: бірінші мүше екіншіге қарағанда жақсырақ немесе жоғарырақ болып есептеледі. Дерриданың айтуынша: Сөйлеу мен Жазу арасындағы оппозиция да осы жолмен құрылған: сөйлеу табиғилық, қатысу, өмір және сәйкестік ретінде қаралса, Жазу мерзімін ұзарту, жоқ болу, өлім және айырмашылық ретінде қаралады. Сөйлеу – бастапқы, Жазу – екінші орында. Деррида сөйлеудің бұл артықшылығын «логоцентризм» деп атайды.

Дерриданың Жазу теориясы, шын мәнінде, Дерридаға арналған оқу теориясын білдіреді, «оқу» Деррида үшін Жазуда көрсетілген логиканың «басқа» құрылымдарын қамтиды. Бұл құрылымдар дәстүрлі логикаға, сәйкестікке, сана немесе ниетке сәйкес келуі де, келмеуі де мүмкін. Ол стандартты оқуда елемейтін, көрмейтін немесе түзететін элементтерді мұқият қарастырады.

«Кеңістікті» оқуға енгізу деген нені білдіреді? Малларме үшін бұл екі нәрсені білдіреді. Ол жазудың «метариалдылығы» – бланктар, қаріптер, беттің орналасуы, пунктуация. Сонымен қатар, жалғыз дыбыстаудан көптеген, жиі қақтығысты мағыналарды іздеп табу үшін синтаксистік және семантикалық екіұштылықтың ізін кесу. Малларме мәтінінің «мағынасы», түстің мағынасы секілді, бүтін ретінде интуитивті қабылдана алмайды, бірақ қатынастар желісіндегі әр бағытқа ере отырып, мұқият зерттелуі керек. Дерриданың өзге жазбаларды жалпыландырып, сараптауы – Малларме неғұрлым көбейтуге тырысатын «бос аралықтар», орысша айтқанда «промежутки».

Солайша, Деррида үшін «оқу» – жазудағы мағына, бірдейлік, сана, не ниеттің дәстүрлі қисынымен келісуі не келіспеуі мүмкін құрылымдар мен мағыналаудың «өзге» қисынына еруді қамтиды. Стандартты оқу менсінбейтін, назар салмайтын не редакцияланатын элементтерге жіті мән беруді қамтиды. Фрейдтің тілдегі жаңылысулар мен түстерді қателік не мағынасыздық деп мән бермейтін емес, қайта оқуға болатын деп қабылдағаны секілді, Деррида мәтіндегі аралықтарда, шеттерде, сандарда, жаңғырықтарда, шегіністерде, үзілістерде, кереғарлықтарда және екіұштылығында мағыналаушы күштерді көреді. Жазған кезде, кісі өзі ойлағаннан көп (не аз, не әйтеуір басқаша) жазады. Оқырманның міндеті – не айтқысы келгенін қисынмен тауып жатпай-ақ, жазылғанды ғана оқу.



Деррида парадоксалды батыс әдеби дәстүріне аса назар аударады, олардың шығармаларында монолог басым түрде қолданылады. Сол жазбаларды мұқият сараптау арқылы Деррида Ұлы Кітаптар өздерінің сөйлеу жазудан артық деген ниетіне қарсы шығу жолдарын аршып алуға тырысады. Оның айтпағы, жазу сөйлеуге табиғи деп басымдық беруге тырысқанымен, ол сөйлеудің де, жазу секілді белгіге тән мағыналасушы мен мағыналасушының арасындағы ажырамаға (Дерриданың «кешігу» мен «айырмашылық» дегенді бірдей білдіретін неологизмі) негізделетінін түбегейлі жоя алмайды. Сөйлеушілер мағыналарды бір санадан екінші санаға сәулемен жеткізбейді. Табиғилық – иллюзия. Әдетте жазумен байланыстырылатын қасиеттер сөйлеуге басымдық беруге тиіс пікірталастарға еріксіз кіріп кетеді.

Соссюр тілдің түсінуі үшін сөйлеуді бастапқы, жазуды қосымша деп қабылдаса да, ол тілді «басымыздағы сөздік» немесе «сызықты» деп сипаттайды – ол сөйлеуден гөрі жазуға көбірек тиесілі кеңістіктік термин.

Болмаса, басқа бір мысалды алайық. Сократ Федрға нағыз оқыту жазбаша емес, ауызша жүру керек дегенде, ол ақырында мұндай оқыту жетуі керек шындықтарды «адамның жандүниесіне жазылған» деп сипаттайды. Әртектілік пен қашықтық аралығы тіл құрылымы үшін аса маңызды болғандықтан, Деррида сөйлеуді де жазу секілді түбегейлі құрылымданған деп түсінеді. Жазуды бұлайша неғұрлым бастапқы категория деп баса айту логоцентризмнің тарихына бетпе-бет келіп, маңыздандыру құрылымдарындағы ажырама функциясын бақылауға бағытталған.

Барбара Джонсонның гендерлік жазу туралы зерттеулері

Сонымен қатар, Барбара Джонсон өз шолуының ауқымын кеңейтеді. Ол гендерлік ғылыми зерттеулер туралы жазады, онда шығармалардағы физикалық, үнсіздік, кеңістіктік пен қақтығыстарды зерттеу жұмыстарының тіл саясатын танудағы өнімді тәсілдері туралы жазылады. Мәтіндер ішінде материалдылықты, тыныштықты, кеңістікті, қақтығысты оқу мүмкіндігі тіл саясатын зерттеудің аса өнімді жолдарын ашып берді. Егер әр мәтін бір маңызды пікірді ұсынса және ол көптеген «өзге» пікірлерді басуға, өшіруге, немесе бұзуға талпынса, онда «оқу» кең мағынасында билік пен ықпал мәселелеріне терең қатысы бар. Бұл тұрғыда аса жемісті зерттелген дискурстағы конфликт пен басымдық алаңы – жыныстық саясат тақырыбы.

Конфликт пен биліктің (авторитарлық) дискурсы гендерлік зерттеулерде жемісті түрде тексерілді. Б. Джонсон осы бөлімде француз және американдық әдеби сын туралы ең маңызды гендерлік зерттеулерге назар аударады. Ол бұл бөлімде Элис Жардин, Элен Сиксу, Люс Иригарэй және американдық авторлар – Сандра Гилберт, Сьюзан Губар, Эдриенн Рич, Эдвард У. Саидтардың жұмыстарына тоқталады.

Франция зерттеушісі Элис Жардиннің «Генезис: әйелдер және қазіргі заман конфигурациясы» (1985) деген кітабында логоцентристік қисын «аталық» (еркектік) болып кодталғандықтан, орын қалдыру, екіұштылық, фигурация және бағыт еместіктің «өзге» қисынының бәрі «аналық» (әйелдік) болып қабылданғанын айтады және логоцентризмге сынай қарау «фаллоцентризмге» де сынай қарауға мүмкіндік береді», – деп жазады.

Джонсон табиғатынан трансгрессивті және дәстүрлі ерлер мәтінінің фаллоцентризміне қарсы тұратын, «әйел жазуының» концепциясын ұсынған француз постструктуралисті, жазушысы және әдебиет сыншысы, феминисттік әдебиеттанудың теоретигі Элен Сиксюдың жұмысын талдайды.

Сондай-ақ, ол француз философы мен психоаналитигі Люс Иригарейдің жұмыстарына талдау жасайды. Бұл екі зерттеуші Әйелдер Жазуының нақты биологиялық және идеологиялық айырмашылығының ерекшелігін жазуға талпынды.

Э. Сиксу, Л. Иригарэй және басқалар жазу мен тәннің арасындағы өзара қарым-қатынасқа қызыққанымен, Атлант мұхитының екі жағында да көптеген феминистер жазу мен үнсіздіктің арасындағы қатынасқа қызығушылықпен қарады.

Сандра Гилберт және Сьюзан Губардың «The Madwoman in the Attic»/«Аттикадан шыққан есалаң әйел» (1979) атты шығармасында, XIX ғасырдағы әйелдердің авторлық үшін және өздері қолдануға, әрі өзгертуге тиіс, патриархалдық тілдің әйелдерге еншілеп қойған үнсіздікке қарсы қалай күрескені жайлы жазды.



Америкалық зерттеуші Адрианна Рич (1979) Африка-американдық әйелдер туралы жазылған «Жалғандық, құпия және тыныштық жайлы» атты эсселер жинағында әйелдер үнсіздігінің іздерін зерттейді. Осы және өзге жұмыстар өздерінің мақсаты етіп әйел жазушылардың шығармаларындағы жанышталған, бұзылған, жасырынған хабарламаларды оқуға талпыныс жасады.

Олар белгілі бір ниеттерден немесе таяз мағынаның шеңберінен асатын басқа оқу стратегиясын талап етеді, бұл мүмкін емес нәрсені сақтап қалу үшін мүмкін, дескрипциялау үшін жаза білудің толық мүмкіндіктерін пайдаланады.

Батыс ерлер-зерттеушілерінің жұмыстарында жиі әйелдердің ғана емес, басқа да «өзгерлердің» үнсіздігі, қорлануы немесе идеализациясы зерттелді. Осылайша, Эдвард У. Саид «Ориентализм» (1978 ж.) жұмысында «Шығыс еуропалық» «басқа еуропалыққа» қарсы деп анықталған ғылыми, саяси мәтіндер, көркем мәтіндер туралы баяндамаларды талдайды. Жазушы ниетін оқыған Э. Саид еуропалық мейірімділік пен қайырымдылықты қысым көру мен ауыр жұмыспен түсіндіретінін көрсетеді.

Джулия Ривкин және Майкл Райан Джонсонның эссесін қорытындылай келе, былай деді: «Американың деконструктивті сын мектебі Дерриданың жұмысынан бастау алады. Оның жетекші қолдаушылары Пол де Ман және Дж. Хиллис Миллер болды. Деррида философиядағы метафизикасы ұстанымын ығыстыруға ұмтылған шақта бұл сыншылар әдеби мәтіндердегі мағына туралы аңғалдық жорамалдар дислокациясына алаңдаушылық білдірді. Мәтіндер бейнелі немесе риторикалық болып табылады және олар шексіз басқа мәтіндерге сілтеме жасайды, алайда ақиқаттың саналы болуы мен «әмбебап» саналатын жаңа мағыналарына сілтемейді. Бұл эсседе де Ман шәкірті Барбара Джонсон, «Жазудың» француздық теориялары деконструкциямен қалай байланысты екендігін түсіндіреді.